

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 шілдедегі Заң күші бар N 2367 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 8 тамыздағы N 2405 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасында салық қатынастарын реттейтін кейбір заң актілері мен Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарының күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 шілдедегі Заң күші бар N 2367 U952367_ Жарлығы мынадай мазмұндағы жаңа 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің, 1995 жылғы 15 қыркүйекке дейінгісін қоса алғанда 1995 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзім ішінде өздерінің бюджетке төленбеген салықтар мен басқа да міндетті төлемдері туралы жариялаған және оларды 1995 жылғы 15 қыркүйекке дейін толық көлемінде бюджетке енгізген заңды және жеке тұлғалар жөнінде 1995 жылғы 1 шілдеге дейін пайда болған құқықтық қатынастар бойынша салық заңдарын бұзғаны үшін, сондай-ақ шетел компанияларының басқаруына берілген ұйымдар жөнінде оларды сол компанияларға өткізуге дейін жол берілген бұзушылықтар үшін көзделген санкцияларды (айыппұлдарды және өсімдерді) жоюға хақысы бар деп белгіленсін".

3-тармақ 4-тармақ деп саналсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне:

екінші деңгейдегі банктер мен уақытша басқару режимі (доғару) енгізілген ұйымдар жөнінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі алдындағы берешегін қайта құрылымдау бойынша шешім қабылдау;

банктердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі алдындағы берешектері бойынша есептелген айыппұл проценттері мен өсімнің мөлшерін өзгерту құқығы берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті
Оқығандар:
Омарбекова А.Т.
Нарбаев Е.Ә.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК